

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ  
Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар**

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің 2020 жылғы 18 мамырдағы жалпы жиналысында бекітілген «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге (№1 хаттама) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 6.2-тармақтың 6.2.2-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.2.2. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, ол Директорлар кеңесінің құрамынан шыққан немесе оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, оның функцияларын отырысқа қатысушы оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданатын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша аға тәуелсіз директор немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.»;

2. 6-бөлім мынадай мазмұндағы 6.3-тармақпен толықтырылсын:

**«6.3. Аға тәуелсіз директор**

6.3.1. Аға тәуелсіз директорды Директорлар кеңесі тәуелсіз директорлар арасынан сайлайды.

6.3.2. Аға тәуелсіз директордың негізгі функциялары мыналарды қамтиды:

1) Директорлар кеңесі төрағасы кеңесшісінің сөз сөйлеуі және өзі айқындайтын мақсаттарды жеткізуде оған қолдау көрсетуі;

2) Директорлар кеңесі төрағасының қызметін бағалау;

3) Директорлар кеңесі төрағасының сабақтастығын жоспарлау;

4) акционерлер, Басқарма, Директорлар кеңесінің төрағасы және басқа Директорлар арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, келіспеушіліктерді шешуде делдал ретінде әрекет ету.

6.3.3. Аға тәуелсіз директордың басшылығымен тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі Төрағасының жұмысын бағалау үшін және қажет болған басқа жағдайларда жылына кемінде бір рет Директорлар кеңесі төрағасының қатысуынсыз кездесуі тиіс.

6.3.4. Аға тәуелсіз директор рөлін орындау үшін кәсіби біліктілік пен тәжірибеден басқа, мүдделі тараптарды басқару және коммуникатор дағдылары сияқты арнайы дағдылар қажет.»;

3. 11.9.3-тармақтағы «3 (үш)» деген сан мен сөз «7 (жеті)» деген санмен және сөзбен ауыстырылсын.

4. 12.8-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Аға тәуелсіз директор, ал ол болмаған жағдайда тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы Директорлар кеңесі төрағасын бағалау процесін қамтамасыз етеді.».

5. 15.3-тармақтағы «түсіндірме жазба» деген сөздерден кейін «және шешім жобасының» деген сөздер қосылсын.

6. 3-қосымша өзгертілсін және мынадай редакцияда жазылсын:

**«3-қосымша**

Түсіндірме жазба және шешім жобасы келесі форматқа сәйкес 2-3 парақта жазылады (шрифт – Times New Roman, шрифт өлшемі 14):

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі отырысының мәселесі бойынша түсіндірме жазба және \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы № \_\_\_/\_\_\_ шешімінің жобасы**

Күн тәртібі мәселесінің атауы:	
СЕО-1 деңгейіндегі сұраққа жауапты (аты-жөні, лауазымы):	
Күпия/Күпия емес/Коммерциялық күпия/Инсайдерлік ақпарат	[Қазақстан Республикасы заңнамасының, қор биржаларының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес.]

#### **1. Сұрақтың қысқаша мазмұны**

[Мәселенің қысқаша мазмұны 500 сөзден тұратын шешім қабылдау мақсаты туралы ақпаратты қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.]

**2. Директорлар кеңесі ұсынған шешімді қабылдау немесе қабылдамау кезінде болжанатын қаржылық-экономикалық, құқықтық және өзге де ықтимал тәуекелдер, көрсетілген тәуекелдерді іске асырудың теріс салдары, көрсетілген тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар.**

**3. Қоғамның бекітілген бюджетін негізге ала отырып, мәселе бойынша Директорлар кеңесінің шешімін іске асыруға байланысты болжанатын қаржылық шығындар.**

#### **4. Шешім жобасы**

[Кіріспе, мәселені қарауға шығаруға негіздеме]  
**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі шешім қабылдады:  
Шешімі.]**

«.